

"Қ. И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ" КЕАҚ



Институт Энергетика және машина жасау
(институттың толық атауы)
Кафедра Технологиялық машиналар және транспорт
(кафедраның толық атауы)

БЕКІТЕМІН

Елемесов К.К.

(қолы, МО) (институт директорының Т.А.Ә)

2022 ж.

СИЛЛАБУС

ТЕС 1861 Карьердегі тау – кен және транспорт машиналары мен жабдықтары
(пән коды мен атауы)

6В07205 Тау – кен инженериясы
(шифр, білім беру бағдарламасының атауы)

5 кредит
(саны)

Семестр: күзгі, 2022 - 2022 оқу жылы
(курс бойынша семестр нөмірін көрсету, күз / көктем)

Алматы 2022

1 Оқытушы туралы ақпарат

1.1 Лектор және практикалық жұмысты жүргізетін оқытушы:

Басқанбаева Динара Жұмабайқызы, институт директорының орынбасары
(Оқытушының аты-жөні, лауазымы)

Оқу түрі-күндізгі / қашықтықтан оқыту

кеңсе: _ГМК 214
(кабинет, корпус)

Офис-сағаты: Қажеттілігінше

Тел., WhatsApp +7(701)-861-5162

Microsoft Teams, Polytech Online
e-mail: d.baskanbayeva@satbayev.university

2 Курстың мақсаты мен міндеті

Мақсаты: «Карьердегі тау – кен және транспорт машиналары мен жабдықтары» курсы «Тау – кен ісі» мамандықтарының студенттеріне арналған. Курс аясында студент жабдықтың және машинаның түрлерімен толықтай таныса отыра, оларға қойылатын негізгі талаптармен танысады; машина мен жабдықтардың әсер етуі мен құрылысын үйрену; сонымен қатар пайдалану және конструкциялау, негізгі есептеу жолдарын үйрену және де тәжірибеде қолдануды игеру және меңгеру болып табылады. Бұл пәніміз мамандарды дайындағанда ең маңызды роль атқаратын пәндердің бірі болып есептеледі.

Тапсырма: Курс аясында студент қазіргі тау - кен кәсіпшілік жабдықтарын пайдаланудағы экономикалық принципі; табиғи – кен байлықтарды өндіруде еңбек қорғау мен қоршаған ортаны қорғаудағы жаңа тәсілдері; жабдықтарда қолданылатын әр-түрлі тәсілдер; қабатты толтыру және әсер ету жабдықтарын қамтамасыздандыру; ұңғымада жөндеу жұмыстарын атқаратын жабдықтар; жабдықты дұрыс қолдана білу, оның негізгі көрсеткіштерінің есептелуін білуі қажет; жабдықтың кинематикалық есептелуін орындау; жабдықтың сипаттамасы және диаграммаларын игере білу керек; кәсіптік жабдықтарды пайдалануы бойынша; өндірісте жұмыс жасайтын шарттары бойынша техникалық тексерістердің әдісін білу керек.

2 Курстың сипаттамасы:

Курс « **6B07205 Тау – кен инженериясы**»

(*шифр, білім беру бағдарламасының атауы*)

білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған.

Курсты толық аяқтағаннан кейін студент тау – кен саласындағы қолданылатын барлық жабдықтар бойынша талдау, синтездеу және жобалау қабілеттерін көрсетуі қажет, сонымен қатар жабдықтардың амортизацияға ұшырау кезіндегі шығындарды есептей алуы керек.

4. Оқу нәтижелері

Курсты аяқтағаннан кейін білім алушы:

- тау – кен машиналары
- КМ және ТҚ электрожетегі және электрожабдықтары:
- гидравликалық машиналар мен жетектер;
- технологиялық машиналарды жобалау;
- жерасты кеніштеріндегі кен машиналары;
- ашық жұмыстардың кен машиналары;
- тасымалдау машиналары;
- көтерім қондырғылары;
- сутөкпе, желдетпе және ауалық қондырғылар жөнінде толық **білуі керек.**

5 Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Апта	Дәріс тақырыбы	Практикалық жұмыстар тақырыбы	Зерт. ж.	Әдебиетке сілтеме	Тапсырма	Тапсыру уақыты
1	Тау – кен машиналары. Кен машиналарының міндеті және қолдану аймағы. Жіктелуі. Бұрғылау. Бұрғылау жылдамдығына әсер ететін факторлар. Бұрғыланушылықтың салыстырмалы көрсеткіші. Бұрғылау түрлері және олардың жіктелуі.			http://rmebrk.kz/bilim/begalinov-ashyk-tau-ken.pdf	СӨЖ-1; СӨӨЖ-1. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
2	Карьерлік бұрғылау станоктарының жаңартылған типтері және жалпы құрылысы. Кескіш қашауы бар айналмалы бұрғылау станоктары, шарошканы бұрғылау станоктары, соқпалы-айналмалы бұрғылау станоктары, отпен (термиялық) бұрғылау станоктары.	Карьер бұрғылық қондырғылардың көрсеткіштері мен есептеу		[2] 1-тарау https://www.geokniga.org/bookfiles/geokniga-gornye-mashiny-i-kompleksy-dlya-otkrytyh-gornyh-rabot.pdf	СӨЖ-2; СӨӨЖ-2. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
3	Қосалқы жұмыстардағы бұрғылау. Шарошканы бұрғылау соқпалы-айналмалы, құранды, отпен бұрғылау станоктарының бұрғылық аспаптары. Шарошканы, соқпалы – айналмалы бұрғылау станоктарының өнімділігі. Бұрғылау кезіндегі техника қауіпсіздігі.	Бұрғылық қондырғы қозғалтқыштарының қуатын есептеу		[1] 2-тарау	СӨЖ -3. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
4	Қазып алып- тиеуші машиналар (экскаваторлар). Карьерлік бір шөмішті экскаваторлардың міндеті, жіктелуі, типтері, жалпы құрылысы. Көп шөмішті экскаваторлар, жіктелуі, өнімділігі.	Карьер электровоздың көлігінің тартқыштық есебі		[3] 3-тарау https://search.rsl.ru/ru/record/01006801766	СӨЖ-4. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
5	Карьердің тау – кен тасымалдаушы комплекстері. Комплекстік механикаландыру құрылымы туралы түсінік. Үзіліссіз әсер ететін машиналар комплексін таңдау. Экскаваторлардың өнімділігін арттыру шаралары. Зарядтаушы машиналар. Қызметі, жалпы құрылысы, жұмыс істеу принципі. Қазып алып – тасымалдаушы машиналар.	Экскавациялы машинаның көрсеткіштері мен есептеу		[1] 3-тарау	СӨЖ-5; СӨӨЖ-5. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
6	Көлік машиналары. Кіріспе.	Өзітүсіргіш		[7]	СӨЖ-6;	<u>Онлайн</u>

Апта	Дәріс тақырыбы	Практикалық жұмыстар тақырыбы	Зерт. ж.	Әдебиетке сілтеме	Тапсырма	Тапсыру уақыты
	Көліктің қызметі. Түсіру орындары. Көлікке қойылатын негізгі талаптар және оның түрлері. Темір жолды карьер көлігі. Темір жол жолының құрылысы, трассасы, еңістігі, табанды жолы, стрелкалы ауыстырғыш, стрелкалы көше.	автомобильдің есебі және аусымдық жұмыс сызбасы		5-тарау	СӨЖ-6. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>әр апта сайын</u>
7	Карьерлердегі, жол жұмыстары. Ағымды, орташа және күрделі жөндеулер. Жол жұмыстарын механикаландыру құралдары және жол күйін тексеруге арналған аспаптар.	Шөмішті тиегіш машиналардың негізгі параметрлерін есептеу		[4] 4-тарау		
8	8 апта. Бірінші қорытынды бақылау					
9	Карьерлік автомобиль көлігі. Автомобиль жолдарының құрылысы, трассасы және сұлбалары. Жол қаптамалары. Автомобиль жолдарын күту және жөндеу. Жылжымалы құрам. Автомобиль көлігінің жалпы құрылысы. Карьерлік автомобильдердің негізгі параметрлері. Автоөзіндірісіншістер мен автопоездардың түрлері.	Үзіліссіз әсерлі тиегіш машиналарының параметрлерін есептеу	[6] 8-тарау		СӨЖ-7 СӨЖ-7. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
10	Автомобиль көлігінің тарқыштық есептері. Тарту күші және кедергі күштері. Қозғалыс теңдеуі. Пайдалану есептері. Конвейерлі көлік: қолдану аймағы және конвейер көлігінің сұлбалары. Жалпы құрылысы.	.	[7] 5-тарау		СӨЖ-8, СӨЖ-8; Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
11	Стационарлы қондырғылар. Карьерлік су төкпе. Су төкпенің тәсілдері. Карьерлерді құрғату. Сорғылық қондырғылардың жіктелуі. Центрден тепкіш, поршеньді, бұрандалы сорғылар. Сорғылардың сұлбалары, әсер ету принципі, сипаттамасы, қолдану аймағы. Ағысты сорғылар. Ағысты сорғының сұлбасы, әсер ету принципі, қолдану аймағы.	Оқпандық бұрғылық қондырғылардың негізгі параметрлерін есептеу	[1] 5-тарау		СӨЖ 9, СӨЖ-9 Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
12	Карьерлерді желдету. Желдету тәсілдері. Желдеткіш қондырғылары,	Оқпандық тиегіш машиналарды	[6] 2-тар		СӨЖ-10; СӨЖ-10.	<u>Онлайн әр апта сайын</u>

Апта	Дәріс тақырыбы	Практикалық жұмыстар тақырыбы	Зерт.ж	Әдебиетке сілтеме	Тапсырма	Тапсыру уақыты
	қолдану аймағы. Конструкциялық құрастыру сұлбалары, конструкциялық бөліктері. Желдеткіштердің жұмыс режимдерін реттеу тәсілдері.	н өнімділігін есептеу	ау		Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	
13	Компрессорлар жұмысының теориясы. Компрессорлық машиналардың жіктелуі. Бір сатылы поршеньді компрессордың нақты процесі. Компрессорлық станциялардың қосалқы жабдықтары: сүзгілер, ауа жинағыштар, су май бөлгіштер, суыту жүйесі, майлау жүйесі.		[7] 3-тар ау		СӨЖ-11,12; СӨӨЖ-11, 12. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	
14	Карьерлердің көлбеген көтергіштері. Көтергіш қондырғылары. Олардың арналуы, жіктелуі, қолдану аймағы.	Таспалы науа қондырғыларын тандау есебі	[1] 5-тар ау		СӨӨЖ-13, 14. Топтық талқылау; Тапсырманы талдау	<u>Онлайн әр апта сайын</u>
15 апта. Екінші қорытынды бақылау						
Емтихан		Билеттер	Емтихан кестесі бойынша			

6 Әдебиет

Негізгі әдебиет	Қосымша әдебиет
[1].Ашық тау-кен жұмыстарының технологиясы: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы /Ө. Бегалинов, Н.А. Жайсаңбаев, Е.С. Зұлкарнаев, Т. Қалыбеков, М.Н. Сәндібеков. – Алматы, 2018 –296 бет.	[1] Ермеков Т.Е. Кен машиналары мен жабдықтары және өндіріс роботтары.-Қарағанды, КарМТУ,2017.
[2] Горные и транспортные машины открытых горных работ [Текст] : учеб. пособие / К.К. Елемесов [и др.]; Каз. нац. исслед. техн. ун-т им. К. И. Сатпаева. - Алматы : КазННТУ, 2018. - 220 с. : ил. - (Сөтбаев ун-ті). - ISBN 978-601-323-099-3	[2] Горные машины : метод. указания по выполнению курсового проекта для специальности 17.01 "Горн. машины и оборудование" (открытая и подзем. технология) / Иркут. гос. техн. ун-т. - Иркутск : Изд-во ИрГТУ, 2019.
[3] Александров Б.А., Кожухов Л.Ф., Антонов Ю.А. и др. Горные машины и оборудование подземных разработок. Издательство: ГУ КузГТУ, Кемерово, 2017. — 114 с.	[3] Исаков Б., Анкишова Г. Кен машиналары. Курстық жобаны орындауға әдістемелік нұсқау. Алматы, ҚазҰТУ, 2006.
[4] Солод В.И., Зайков В.И.и др. Горные машины и автоматизированные комплексы. – М: Недра,2017.	[4] Әлібеков Қ.Т., Мазей А.С. Кен машиналары. Тәжірибелік сабаққа әдістемелік нұсқау. Алматы, ҚазҰТУ, 2019.
[5] Ведерников Н.И. Горные машины и комплексы для добычи и обогащения полезных ископаемых. Конспект лекций. - Алчевск: ДонГТУ, 2016. -134 с.	[5] Мазей А.С., Жомартов Б.А., Байымбетов Н.Ә. Кен машиналары. Іс жүзіндегі сабаққа әдістемелік нұсқаулар. Алматы, ҚазҰТУ, 2017.
[6] Исаков Б. Кен мәшинелері. – Алматы, ҚазҰТУ, 2016	
[7] Зайков Витольд Иванович Эксплуатация горных машин и оборудования : учеб. для вузов по направлению "Горн. дело" и специальности "Горн. машины и оборудование" / В. И. Зайков, Г. П. Берлявский. - Изд. 4-е, стер. - М. : Издво Моск. гос. горн. ун-та, 20. - 256 с. : а-ил. - (Высшее горное образование)	

* Әдебиеттер кітапхананың электрондық ресурстарында қолжетімді

** Негізгі әдебиеттер 10 жылдан аспауы керек.

~ Әдебиеттер оқытушының оқу порталында қолжетімді.

7 Құзыреттілік шеңбері

Оқыту дескрипторлары	Құзыреттілік				
	Ғылыми-жаратылыстану және теориялық-дүниетанымдық	Әлеуметтік-жеке және азаматтық	Жалпы инженерлік, кәсіби	Мәдениетаралық және коммуникативтік	Арнайы мамандандырылған
Білім және түсінік					
Білім мен түсінікті қолдану	*	*			*
Пікір білдіру және әрекеттерді талдау		*		*	*
Коммуникативтік және шығармашылық қабілеттер		*	*		*
Өздігінен білім алу және цифрлық дағдылар	*	*			*

8 Қажетті жұмыстарды тапсыру кестесі

№ р/с	Бақылау түрі	Аптаның макс. баллы	Апта															Макс балл қорытындысы
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
1	Дәрістерді талқылаудағы белсенділік			1*	1*	1*	1*	1*	1*		1*	1*	1*	1*	1*	1*		12
2	Тапсырмаларды орындау (СОӨЖ)					1.4			1.4				1.4		1.4			5,6
4	Тәжірибелік тапсырмаларды орындау			2*		2*		2*			2*	2*		2*		2*		14
6	1-ші аралық бақылау (Midterm)									10								10
8	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ)			1.4		1.4			1.4			1.4		1.4		1.4		8,4
9	2-ші қорытынды бақылау (Endterm)																10	10
	Қорытынды емтихан*																	40
	Барлығы																	100

9 Бағалау рейтингі және критерийлер бойынша бағалаудың мүмкін болатын соңғы нұсқалары

Әріптік бағалау	GPA	балдар	Критерийлері
A	4	95-100	Оқытылатын курс көлемінен асатын білімнің ең жоғарғы стандарттарын көрсетеді
A-	3,67	90-94	Білімнің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B+	3,33	85-89	Өте жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B	3	80-84	Жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді
B-	2,67	75-79	Жоғары стандарттарға жақын жеткілікті білім
C+	2,33	70-74	Жалпы стандарттарға сәйкес келетін жеткілікті білім
C	2	65-69	Жалпы білім стандарттарының көбіне сәйкес келеді және қанағаттандырылғыш білім
C-	1,67	60-64	Қанағаттандырылғыш, бірақ кейбір білім бойынша стандарттарға сәйкес келмейді

D+	1,33	55-59	Минималды қанағаттандырады, бірақ кең ауқымды білім стандарттарына сәйкес келмейді
D	1	50-54	Стандарттарға сәйкес келуі күмәнді минималды қанағаттандырылдық өту балы
FX	0,5	25-49	Уақытша бағалау: қанағаттанарлықсыз төменгі көрсеткіш, емтиханды қайта тапсыруды қажет етеді
F	0	0-49	Пәнді игеруге тырыспады. Студент емтиханнан айла арқылы баға алмақ болған кезде де қойылады
I	0	0	Уақытша бағалау: Курстың көп бөлігін сәтті аяқтап, нақты жағдайларға байланысты қорытынды бақылау іс-шараларын тапсыра алмауы
W	0	0	Студенттің пәннен өз еркімен бас тартуы және оны 6-шы оқу аптасына дейін игермеуі
AW	0	0	Студент академиялық тәртіп пен ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін оқытушы оны пәннен алып тастауы

10 Бағалау критерийлері

Тесттен басқа әр жұмыс 4 критерий бойынша бағаланады:

- ұқыптылық пен дәлдік (А)– 30% (жұмыс қаншалықты ұқыпты және дәл есептелген);
- шығармашылық және креативтілік (Т) - 30% (жұмыс қалай және қандай үлгіде ұсынылған);
- толықтығы мен жетілуі (З) - 40% (жұмыс қаншалықты терең, қисынды және құрылымдық түрде шешілді);
- ерекшелік (О) – арнайы 1.0;0.5 немесе 0 коэффициенті қолданылады.

Критерийлері	Өте жақсы (0.9-1.0)	Жақсы (0.7-0.9)	Қанағаттанарлық (0.4-0.7)	Қанағаттанарлықсыз (0-0.4)
Ұқыптылық пен дәлдік	Шешім барысын баяндаумен есептеулердің абсолютті дәлдігі, теңдеулерді шешудің аналитикалық және графикалық тәсілдерінің толық кендігі ескеріледі	Болмашы дәлсіздіктер бар (минус 0.1 – әрбір қате жауап үшін; минус 0.5-Талдамалық шешімді баяндаудың анық еместігі үшін)	Елеулі дәлсіздіктер бар болған жағдайда (минус 0.1 – әрбір қате жауап үшін; минус 0.5-Талдамалық шешімді ұсынудың анық еместігі үшін)	Жұмыс дұрыс есептелмеген (минус 0.1 – әрбір қате жауап үшін; минус 0.5 – Талдамалық шешімді ұсынудың анық еместігі үшін)
Шығармашылық және креативтік	Авторлық шығармашылық және стандартты емес ұсыныс айқын сценарий жоспарымен	Стандартты тәсіл аясында әдісі.айқын сценарий жоспарымен нұсқаулар	Стандартты тәсіл аясында әдісі.анық емес немесе түсініксіз сценарий жоспарымен нұсқаулар	Ұсынудың минималды стандартынан ауытқу
Толықтығы мен жетілуі	Қойылған міндеттер толығымен орындалып қана қоймай, оларды шешудің өзге де тәсілдері ұсынылған	Тапсырмалар толығымен кішігірім кемшіліктермен орындалды ,мысалы, өлшемі қойылмаған (минус 0.1 – әрбір қабылданбаған жағдай үшін)	Тапсырмалар толық емес немесе айтарлықтай қателіктермен аяқталды ,мысалы, Өлшем орнатылмаған (минус 0.5 – әрбір жіберіп алған жағдай үшін)	Негізгі массадағы міндеттер орындалмады

Ерекшелігі	1.0-жұмыс толығымен түпнұсқа, түпнұсқа және өтініш берушінің өз күшімен орындалды	0.5-жұмыс әріптесінен есептен шығарылды (коэффициент екеуіне де қойылады)	0 - жұмыс және оның маңызды бөліктері түпнұсқа сілтемелерді көрсетпей басқа көздерден алынады
------------	---	---	---

Жалпы балл келесі формула бойынша есептеледі:

$$Баға = (A + T + 3) \times O$$

Тапсырма түрлері бойынша білімді максималды бағалау

Тестілер мен белсенділік	12
Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ)	8,4
Тәжірибелік жұмыс және бонус	14
Зертханалық жұмыс	5,6
1-ші аралық бақылау (Midterm)	10
Курстық жоба	-
2-ші қорытынды бақылау (Endterm)	10
Қорытынды емтихан	40
Барлығы	100

11 Жұмысты кеш тапсыру саясаты

Студент дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындалып келуі керек. Барлық жұмыс түрлерін (практикалық және өзіндік) толық орындау және уақытында қорғау талап етіледі. Студент сабақтан кешікпеуі және қалмауы қажет, жауапты және ұқыпты болуы керек. Уақытылы тапсырылмаған жұмыс үшін максималды балды 10% төмендету көзделген. Егер Сіз белгілі себептермен аралық бақылауды өткізіп алуға мәжбүр болсаңыз, онда Сіз бұл туралы оқытушыға алдын ала ескертіп, ертерек тапсыру мүмкіндігін алсаңыз болады. Емтиханды себепсіз жіберіп алу Сіздің оны қайта тапсыру құқығыңыздан айырады. Егер сіз емтиханды дәлелді себептермен жіберіп алсаңыз, қайта тапсыруға арнайы рұқсат беріліп, емтиханның күні, уақыты мен орны белгіленеді.

12 Академиялық тәртіп және этика саясаты

Басқа адамдардың пікірін құрметтеңіз, төзімді болыңыз. Қарсы пікіріңізді дұрыс қалыпта білдіріңіз. Плагиатқа және адал емес жұмыстың басқа түрлеріне жол берілмейді. Басқа студенттер үшін емтихан тапсыруға, өзгеден көшіруге, айла қолдануға жол берілмейді. Курстың кез-келген ақпаратын бұрмалған студент «F» қорытынды бағасын алады.

Дәріс және практикалық сабақтардағы *белсенділік* сіздің қорытынды балл / бағаңызға тікелей әсер етеді. Дәріс материалдарын күшейтетін көптеген теориялық сұрақтар тек дәрістерде ұсынылады. Сондықтан сабақты жіберіп алу сіздің үлгеріміңізге және сіздің соңғы бағаңызға әсер етуі мүмкін. Сабақ аяқталғанға дейін қандай да бір себептермен *екі рет* кету немесе кешігу *бір жіберілген сабақ* ретінде есептеледі. Алайда, тек сабаққа қатысу ұпайдың жоғарылауын білдірмейді. Сіздің сабақта үнемі белсенді болуыңыз қажет. *жіберілген сабақ* ретінде есептеледі. Алайда, тек сабаққа қатысу ұпайдың жоғарылауын білдірмейді. Сіздің сабақта үнемі белсенді болуыңыз қажет.

"Қ. И. СӨТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ" КЕАҚ

Курстың міндетті талабы - әр сабаққа дайын болу. Оқулықтың көрсетілген бөлімдерін және қосымша материалдарды практикалық жаттығуларға дайындық кезінде ғана емес, сонымен бірге тиісті дәріске қатыспас бұрын да қарап шығу керек. Мұндай дайындық Сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және университет қабырғасында білімді белсенді түрде алуға ықпал етеді.

Пәнді оқыту аясында сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне жол берілмейді. Мұндай іс-шараларды ұйымдастырушы (мұғалім, студенттер немесе олардың атынан үшінші тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

Көмек: Өздік жұмыстарды орындау, оларды тапсыру және қорғау бойынша кеңестер, сондай-ақ өтілген материал туралы және оқылатын курс туралы барлық туындаған сұрақтар бойынша қосымша ақпарат алу үшін оқытушымен жұмыс уақытында немесе тәулік бойы электронды байланыс құралдары арқылы байланыса аласыз.

Оқу барысында

Сабақ кестесіне сәйкес міндетті түрде сабаққа қатысу студенттің сабаққа дайындығын анықтайды. Сабаққа қатыспаған жағдайда студент оқытушыға тәулік ішінде хабарлауға және сабақты өздігінен үйрену жоспарын түсіндіруге міндетті.

- оқу алдында ұсынылған материалдарды міндетті түрде оқып шығу;
- тапсырмаларды уақытында тапсыру. Кеш тапсырғаны үшін -10% айыппұлдар қарастырылған;
- 20% сабаққа қатыспау (растайтын құжаттармен дәлелді себептерімен)
- «F (Fail)» бағасына тең;
- тапсырманы орындау кезінде плагиат пен алдауға жол берілмейді;
- электронды гаджеттерді сабақта қолдану рұқсат етілгенімен, емтихан кезінде пайдалануға жол берілмейді;

Пәнді оқыту аясында сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көріністеріне жол берілмейді. Мұндай іс-шараларды ұйымдастырушы (мұғалім, студенттер немесе олардың атынан үшінші тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

Технологиялық машиналар және транспорт кафедра отырысында қаралды және мақұлданды
(кафедра атауы)

№ 1 хаттама, « 18 » 08. 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі


(қолы)

Бөртебаев С.А.

Құрастырушы:

(ЭжМЖ институтының
директор орынбасары)


(қолы)

Басқанбаева Д.Ж.